

"Қылмыстық қудалау органдарымен қылмыс, оқиғалар туралы өтініштер мен хабарламаларды қарау туралы" N 2-3С нысанды статистикалық есеп және оны құру жөніндегі Нұсқауды бекіту және іске ендіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының 2003 жылғы 11 тамыздағы N 48 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 13 тамызда тіркелді. Тіркеу N 2441. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2010 жылғы 17 маусымдағы N 34 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2010.06.17 № 34 Бұйрығымен.

Қылмыстық туралы статистикалық есеп берушілікті жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасының Прокуратура туралы» Заңының 11-бабының 4-1) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қылмыстық қудалау органдарымен қылмыс, оқиғалар туралы өтініштер мен хабарламаларды қарау туралы» N2-3С нысанды статистикалық есеп және оны құру жөніндегі Нұсқау бекітілсін.

2. Құқықтық статистика субъектілері, Бас әскери прокурор, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөнінде комитет және оның аумақтық бөлімшелері, Алдын ала тергеу мен анықтаудың заңдылығына қадағалау бойынша департамент, облыс прокурорлары және оларға теңестірілгендер осы бұйрықтың тиісті дәрежеде орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген уақытынан бастап іске енгізіледі.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

*Қазақстан Республикасының
Бас Прокурорының міндетін*

атқарушы

К Е Л І С І Л Г Е Н :

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі
2003 жылғы 24 маусымда

Қазақстан Республикасының

Әділет министрінің
2003 жылғы 17 шілдеде

Қазақстан Республикасының
Кедендік бақылау
агенттігінің төрағасы
2003 жылғы 4 маусымда

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар жөніндегі
агенттігінің төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрінің
2003 жылғы 26 маусымда

Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік
комитетінің төрағасы
2003 жылғы 10 маусымда

Қазақстан Республикасының
Қаржы полициясы
агенттігінің төрағасы

2003 жылғы 21 маусымда

Қазақстан Республикасы

Бас Прокурорының

2003 жылғы 11 тамыздағы

№ 48 бұйрығымен

бекітілген

**Қылмыстық қудалау органдарымен қылмыс, оқиғалар туралы
өтініштер мен хабарламаларды қарастыру туралы
№ 2-ӨХ тұлғалы статистикалық есепті құру жөніндегі
НҰСҚАУ**

Ескерту: Нұсқаудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 25 қыркүйектегі № 54 бұйрығымен .

1. Жалпы ережелер

1. Қылмыс, оқиғалар туралы өтініштер мен хабарламаларды қарау туралы N 2 -ӨХ тұлғалы есеп (бұдан әрі - Есеп) N 1 Қосымша, дайындалып жатқан және жасалған қылмыс, оқиғалар туралы өтініштер мен хабарламаларды қарау жөнінде қылмыстық қудалау органы жұмысының нәтиже көрсеткіштерінің санын бейнелейді. Қылмыс, оқиғалар түрлері бойынша хабарламалар мен өтініштердің қылмыстық қудалау органдарына келіп түскен құрылымды сипаттайтын жинақтау мен статистикалық ақпаратты жиелендіру, оларды қарау нәтижесі, мерзімі және солар бойынша қабылданған шешімдердің негізділігінің есепке алынуы есепте тұруға тағайындалған.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 25 қыркүйектегі N 54 бұйрығымен .

2. Құқықтық статистиканың субъектілеріне қылмыстық қудалауды іске асыратын мемлекеттік органдар және прокуратура органдары жатады.

3. Есеп, қылмыстық қудалау органының қызметкерімен, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде N 2165 тіркелген «Қылмыстар, оқиғалар жөніндегі арыздарды, хабарламаларды, өтініштерді және басқа да ақпараттарды қабылдау, тіркеу, есепке алу жөніндегі» Нұсқауды бекіту және қолданысқа енгізу туралы 2003 жылдың 10 ақпанындағы N 6 бұйрығымен бекітілген (әрі қарай - өтініштерді есепке алу Кітабы) қылмыстар, оқиғалар туралы хабарламалар мен өтініштерді есепке алу Кітабы негізінде және тағы басқа есепке алу-тіркеу құжаттарымен құрастырылады.

4. Есепке қылмыстық қудалау органының басшысы мен қадағалаушы прокурордың қолдары қойылады.

Қолдары қойылған есеп әрбір қылмыстық қудалау субъектісі бойынша бөлек жинақтық есепті құру үшін құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитет аймақтық басқармасына (бұдан әрі аймақтық басқармалар), ал әскери адамдарға Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі әскери басқармасына (бұдан әрі - Әскери басқарма) жолданады.

5. Аймақ бойынша және әр құқықтық статистика субъектісі бойынша жинақтық есеп Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетіне (бұдан әрі - Комитет) ж о л д а н а д ы .

Техникалық тапсырмаға сәйкес, есепті құрғанда есептің өз көрсеткіштерімен статистикалық есептің өзге де тұлғалары арасында қисынды арақатыстық

Әр субъект бойынша араларындағы қисынды арақатыстықты тексеруді қамтамасыз ету үшін жинақтық есеп пен есеп бір уақытта берілу тиіс.

6. Есептің толықтығы мен нақтылығына, есепті құратын құқықтық статистика субъектілерінің басшылары жауапкершілікте болады.

Аймақтық басқармалардың бастықтары есептіліктің бұрмалаушылығын жоюға бағытталған қажетті шараларды бақылап, қабылдауы тиіс.

Комитетке модем байланысы бойынша есепті берген соң, оны түзету Қазақстан Республикасының Бас Прокурорымен белгіленген тәртіп бойынша жүргізіледі.

Барлық статистикалық есеп Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бұйрықтарымен бекітілген тұлғалардың бланкілерінде құрылады.

2. Есепті таныстыру

7. Есеп осы Нұсқаумен белгіленген мерзімде және толық көлемде таныстырылуы тиіс. Комитетке есепті беру уақыты деп оның модем байланысы арқылы түскен уақыты есептеледі.

8. Есеп тоқсан сайын өсім қорытындысымен құрылады да облыс бойынша Басқармаға мынадай мезгілде беріледі:

1) аудандық, қалалық, облыстық қылмыстық қудалау органдарымен (және оған теңестірілгендермен) аймақтық басқармаларға есеп беру кезеңінен соң кейінгі айдың 4-ші жұлдызына қарай;

2) әскери қылмыстық қудалау органдарының әскери басқармасына есеп беру кезеңінен соң, келесі айдың 4-ші жұлдызына қарай;

3) қылмыстық қудалау органдарының орталық аппараттарымен Комитетке есеп беру кезеңінен соң, келесі айдың 4-ші жұлдызына қарай.

9. Жинақтық есеп пен әрбір құқықтық статистика субъектісі бойынша есеп аймақтық басқармалар, Комитетке модем байланысы арқылы оны тексеріп, қол қойылған соң - есеп беру кезеңінен кейінгі айдың 8-ші жұлдызына қарай беріледі.

10. Республика бойынша жинақтық есепті Комитет Бас прокурорға - есеп беру кезеңінен соң, кейінгі айдың 14-ші жұлдызына қарай береді.

Есепті өз уақытында бермегені үшін бақылаушы прокурор мен есепті құрастырушылар жауапкершілікте болады.

3. Есепті құру

11. Әр қылмыстық қудалау органы бойынша бірыңғай тұлғалы жеке есеп құрылады, онда 1-26 бағандар мен 1-141 жолдар құқықтық статистиканың

барлық субъектілеріне сай келеді және белгіленген жүйелілікпен Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің баптары мен тарауларына сәйкес қылмыстардың түрлерін көрсетеді.

Ескерту: 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 25 қыркүйектегі N 54 бұйрығымен .

12. Бағандардың көрсеткіштері ақпараттық есепке алу құжаттарына сәйкес келулері тиіс .

1-бағанда есептік жылдың басталуында қаралусыз қалған қылмыстар, оқиғалар жөніндегі өтініштердің және хабарламалардың саны бейнеленеді.

Ескерту: 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 25 қыркүйектегі N 54 бұйрығымен .

13. 2-бағанда есептік кезеңде тіркелген қылмыстар, оқиғалар жөніндегі өтініштердің және хабарламалардың, сонымен қатар бір дерек бойынша Өтініштерді тіркеу кітабына алдында тіркелгендерге қосылған өтініштердің саны бейнеленеді .

Есептік жылдың басталуында қылмыстар, оқиғалар жөніндегі қаралмаған өтініштердің және хабарламалардың көрсеткіштер сомасы (1-баған) және есептік кезеңде тіркелген қылмыстар, оқиғалар жөніндегі өтініштер мен хабарламалардың саны, сонымен қатар бір дерек бойынша Өтініштерді есепке алу кітабына алдында тіркелгендерге қосылғандар (2-баған) Қазақстан Республикасы Қылмыстық Іс-жүргізу Кодексінің 185-бабының 1-бөлігі тәртібінде қабылданған шешімдер бойынша көрсеткіштер сомасына (6-баған), бір дерек бойынша Өтініштерді есепке алу кітабына алдында тіркелгендерге қосылғандарға (25-баған) және есептік кезеңнің соңындағы қалдыққа (26-баған) тең келуі тиіс .

Қорытындысы бойынша есеп болып қалыптастырылатын мерзімнің соңғы күнтізбелік күні есептік кезеңнің аяқталу күні болып табылады. Өтініштерді есепке алу кітабына есепті құрастырушы тұлға арқылы есептік айдың соңғы күнімен белгі белгіленеді және аты-жөнін көрсету арқылы анық көрсетілген қолы қойылады .

3-бағанда 2-бағаннан қылмыстық қудалаудың басқа органдарынан келіп түскен қылмыстар, оқиғалар жөніндегі өтініштер мен хабарламалардың және реттік нөмірдің белгіленуімен Өтініштерді тіркеу кітабына тіркелгендердің саны ерекшеленеді .

4-бағанда Өтініштерді тіркеу кітабына тіркелуден жасырынған, бірақ соңында анықталған және тиісті түрде тіркелген қылмыстар, оқиғалар жөніндегі өтініштердің және хабарламалардың жалпы саны бейнеленеді. 5-бағанда, сонымен қатар 4-бағаннан, прокуратура органдарымен анықталған, есепке алынудан жасырынған қылмыстар, оқиғалар жөніндегі өтініштер мен

хабарламалар

бейнеленеді.

Есепке алынудан жасырынған қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштер мен хабарламалар туралы мәліметтер қылмыстық қудалау органының, сонымен қатар прокуратура органдарының (аудандық, облыстық және тағы басқа) есепке алу-тіркеу тәртібінің бұзылуы анықталған бөлімінің есебінде есептелетінін ескеру қажет.

Прокуратура органдарымен есепті құру кезінде 5-бағанда жоғарыдағы прокурорлармен анықталған қылмыстар, оқиғалар жөніндегі өтініштер мен хабарламалар бейнеленуі тиіс.

Ескерту: 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 25 қыркүйектегі N 54 бұйрығымен .

14. 6-бағанда Қазақстан Республикасы Қылмыстық Іс-жүргізу Кодексінің 185-бабының 1-бөлігіне сәйкес қылмыстық қудалау органымен шешімдер қабылданған барлық өтініштер мен хабарламалар ескеріледі.

7-бағанда 6-бағаннан есептік жылдың басталуындағы қалдықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық Іс жүргізу Кодексінің 185-бабының 1-бөлігі тәртібінде қабылданған шешімдер саны ерекшеленеді.

Ескерту: 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 25 қыркүйектегі N 54 бұйрығымен .

15. 8-ші бағанда шешім қабылданған жалпы санының ішінен қозғалған қылмыстық істің саны көрсетіледі. Соның ішінде 9-бағанда 4-бағаннан есепке алудан жасырылған қылмыс туралы өтініштер мен хабарламаларды әшкерелеу бойынша қозғалған қылмыстық істер көрсеткіші бейнеленеді.

Ескерту: 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 25 қыркүйектегі N 54 бұйрығымен .

16. 10-ші бағанда шешім қабылданған санның ішінен, солар бойынша қылмыстық іс қозғаудан бас тартылған өтініштер мен хабарламалар көрсетіледі. Солардың ішінен 11-ші бағанда материалдары бойынша ақталмайтын негіз бойынша қылмыстық іс қозғаудан бас тартылған өтініштер мен хабарламалар атап көрсетіледі. 12-ші бағанда (соның ішінде 7-ші бағаннан) рақымшылық акті негізінде солар бойынша қылмыстық іс қозғаудан бас тартылған материалдар көрсетіледі.

13-ші бағанда Қазақстан Республикасының Қылмыстық істерді жүргізу кодексінің 37-бабының 1-бөліміндегі 2-тармағына сәйкес қылмыстық құрамы болмағандықтан, ал 14-ші бағанда - Қазақстан Республикасының Қылмыстық істерді жүргізу кодексінің 37-бабы 1-бөліміндегі 1-тармағына сәйкес қылмыс оқиғасы болмағандықтан, солар бойынша қылмыстық іс қозғаудан бас тартылған

қылмыс туралы өтініштер мен хабарламалар көрсетіледі.

Ескерту: 16-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Бас прокурорының 2005 жылғы 5 шілдедегі N 34 , 2006 жылғы 25 қыркүйектегі N 54 бұйрығымен.

16-1. 15-бағанда қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы қаулылар шығарылғаннан кейін материалдары арнайыландырылған ауданаралық әкімшілік соттарға жіберілген өтініштер мен хабарламалардың саны ескеріледі.

Ескерту: 16-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас прокурорының 2007.07.30. N 32 Бұйрығымен.

17. 16-ші бағанда Қазақстан Республикасының Қылмыстық істерді жүргізу кодексінің 185-бабының 1-бөліміндегі 3-тармағына сәйкес тергеулігі бойынша жіберілген өтініштер мен хабарламалардың саны көрсетіледі. Соттылығы бойынша берілген материалдар 17-ші бағанда көрсетіледі.

Қылмыстық қудалау органының бір ғана бөлімшесінің бір қызметкерінен екіншісіне немесе ішківедомстволық бір бөлімшеден екіншісіне берілген өтініштер мен хабарламалар бұл бағанда көрсетілмейді.

Тергеулігі бойынша жіберілген қылмыс туралы өтініштер мен хабарламаларды қабылдаған орган тіркеуі тиіс. Оны қабылдап алған және сол бойынша Қазақстан Республикасының Қылмыстық істерді жүргізу кодексі 185-бабының 1-бөліміндегі 1, 2-тармақтарында берілген тәртібімен шешім қабылдаған органның қарау мерзімі, оған келіп түскен сәтінен бастап есептеледі.

Тергеу және анықтау органдарымен соттылығы бойынша Қазақстан Республикасының Қылмыстық істерді жүргізу кодексі 185-бабының 1-бөліміндегі 3-тармағының тәртібімен қылмыс туралы өтініштер мен хабарламаларды жіберу, Қазақстан Республикасының Қылмыстық істерді жүргізу кодексінің 390-бабының талаптарына сәйкес жүргізілу тиіс.

Ескерту: 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006.09.25. N 54 , 2007.07.30. N 32 Бұйрықтарымен.

18. Қылмыстар туралы өтініштер мен хабарламаларды қарау мерзімдері туралы мәліметтер 18-21-бағандарда бейнеленеді, соның ішінде 18-бағанда - үш тәуліктен кешіктірілмей, 19-бағанда - үш тәуліктен он тәулікке дейін, 20-бағанда - он тәуліктен екі айға дейін, 21-бағанда екі айдан артық уақытта.

Егер ақпаратты есепке алу Журналындағы (Бас Прокурордың 2003 жылғы 10 ақпандағы N 6 бұйрығымен бекітілген) өтініштерді есепке алу Кітабында қылмыс туралы хабарламалар мен өтініштер уақытында қайта тіркелмесе, онда оны қарастыру мерзімі Қазақстан Республикасы Қылмыстық істерді жүргізу кодексінің 184 бабына сәйкес оның қылмыстық қудалау органына келіп түскен сәтінен бастап саналады.

Ескерту: 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006.09.25. N 54 , 2007.07.30. N 32 Бұйрықтарымен.

19. 22-ші бағанда Қазақстан Республикасы Қылмыстық істерді жүргізу кодексінің 190-бабындағы 2-тармақшасының тәртібімен қылмыстық іс қозғаудан бас тартылған қаулыны прокурордың бұзуына байланысты қозғалған қылмыстық істің саны көрсетіледі. Осы бағанда өткен жылдардағы қылмыстық іс қозғаудан бас тартылған материалдар бойынша прокурордың қабылданған шешімі ескерілмейді.

Қозғалған қылмыстық істің саны, қалалық немесе аудандық прокуратураның қадағалаулық іс жүргізуіне қосылған қылмыстық іс қозғауды және қылмыстық іс қозғаудан бас тартылған қаулыларды бұзу туралы прокурор қаулыларының көшірмелерімен салыстырылуы тиіс.

23-бағанда 22-бағаннан осы қылмыстық қудалау органының бастамасы бойынша қылмыстық іс қозғаумен прокурордың қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулыларды бұзған саны көрінеді.

Ескерту: 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006.09.25. N 54 , 2007.07.30. N 32 Бұйрықтарымен.

20. 24-бағанда Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 190-бабы 1-тармақшасының тәртібімен қосымша тексерудің іс жүргізуіне арналған материалдарды жіберген прокурордың қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулыларды бұзған саны көрсетіледі. Соның ішінде өткен жылдардағы қылмыстық іс қозғаудан бас тартылған материалдар бойынша прокурордың қабылдаған шешімдері ескерілмейді. 25-бағанда 24-бағаннан қылмыстық қудалау органдарының бастамасы бойынша қосымша тексеруге жіберілген материалдармен прокурордың қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулыларын бұзған саны ескеріледі.

Ескерту: 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006.09.25. N 54 , 2007.07.30. N 32 Бұйрықтарымен.

21. 26-бағанда Өтініштерді есепке алу кітабына алдында тіркелгенге қосылған өтініштер мен хабарламалар ескеріледі. Сонымен қатар олар бойынша қабылданған іс жүргізу шешімдері есепке алынуға тиісті емес.

Ескерту: 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2006.09.25. N 54 , 2007.07.30. N 32 Бұйрықтарымен.

22. 27-бағанда есептік кезеңде ақырғы іс жүргізу шешімі қабылданбаған өтініштер мен хабарламалар көрсетіледі.

Ескерту: 22-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 25 қыркүйектегі N 54 , 2007.07.30. N 32 Бұйрықтарымен.

23. N 2 қосымшада "Қылмыстық іс қозғаудан бас тарту материалдары бойынша анықталған және өтелінген залал" қылмыстық қудалау органдарының қылмыстық іс қозғаудан бас тарту материалдары (бұдан әрі - бас тарту материалдары) бойынша залалды анықтау және өтеудегі Қазақстан

Республикасы Қылмыстық Кодексінің анықталған кезегіндегі (А кестесі) баптары және бөлімдеріне сәйкес көрсеткіштері мемлекеттік органға, заңды тұлғаларға және азаматтарға анықталған және өтелінген залалдың бөлінуімен (Б кестесі) бейнеленеді. Осы қосымша (ұлттық қауіпсіздік органдарын қоспағанда) қылмыстық қудалау органдары арқылы, ақпараттық есепке алу құжаттары негізінде, (N3С-1 қылмыстық және N3С-2 нысанды статистикалық кәртішкелер), қылмыстар туралы өтініштер мен хабарларды тіркеу кітабы негізінде жасалады. Сондай-ақ Құқықтық статистика органдарының автоматтандырылған деректер базасымен (АДБ) тоқсан сайындық салыстырулар өткізулері қажет.

Қылмыстық істі қозғаудан бас тарту материалы бойынша залал өтеу туралы мәліметтердің нақтылығына қылмыстық қудалау органының басшылары дербес жауап береді.

Ескерту: 23-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас прокурорының 2005 жылғы 5 шілдедегі N 34 бұйрығымен .

24. Ақталған және ақталмаған негіздер бойынша қылмыстық істі қозғаудан бас тартылған материалдар жөніндегі анықталған және өтелген залал сомасы мыңдаған теңгемен белгіленеді.

Ескерту: 24-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 2006 жылғы 25 қыркүйектегі N 54 бұйрығымен .

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2007 жылғы 11 тамыздағы N 48 бұйрығымен бекітілген "Қылмыстық қудалау органдарының қылмыстар жөніндегі өтініштер мен хабарламаларды қарауы туралы" 2-3С нысанды статистикалық есептің құрылуы бойынша Нұсқаулыққа N 1-қосымша

Ескерту: 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 2007.07.30. N 32 Бұйрығымен.

N 2-3С нысаны қудалау органдарының қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштер мен хабарламаларды қарауы туралы

ҚР ҚК бабы		Есептік жылдың басталуы-на қылмыстар, оқиғалар жөніндегі	Есептік кезеңде тіркелген қылмыстар, оқиғалар туралы өтініштер мен хабарламалардың	Қылмыстық қудалаудың басқа органдарынан келіп түскен қылмыс-р,	қылмыстар туралы есепке алудан жасырылған
------------	--	--	--	--	---

	жол коды	қаралма- ған өтініштер мен хабарла- малардың қалдығы	саны, сон. қ. бір дерек бойынша Ө Е К алдында тір-ге қосыл-р саны	оқиға-р жөн-гі өтініштер мен хабарлам-ң саны	өтініштер мен хабарла-ң анық-ң барлығы
		1	2	3	4
Адам өлтіру (96-бап)	1				
соның ішінде азаматтардың жоғалу деректері бойынша	2				
Абайсызда кісі өлтіру (101-бап)	3				
соның ішінде жазатайым оқиға нәтижесінде адамның қаза болу деректері бойынша	4				
Өзін-өзі өлтіру- ге дейін жеткізу (102-бап)	5				
соның ішінде өзін-өзі өлтіру деректері бойынша	6				
Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру (103-бап)	7				
Денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіру (104-бап)	8				
Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру (105-бап)	9				
соның ішінде ұрып-соғу дерек- тері бойынша	10				

Қауіпті жағдайда қалдыру (119-бап)	11				
соның ішінде зорлап өлтірудің белгілері анықталмаған адамдардың мәйіттерін табу деректері бойынша	12				
Зорлау (120-бап)	13				
Жеке адамға қарсы өзге де қылмыстар	14				
Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық іске тарту (131-бап)	15				
Кәмелетке толмағандарды саудаға салу (133-бап)	16				
Балаларын немесе еңбекке жарамсыз ата-анасын асырауға арналған қаражатты төлеуден әдейі жалтару (136-бап)	17				
Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы өзге де қылмыстар	18				
Тұрғын үйге қол суғылмаушылықты бұзу (145-бап)	19				
Адамның және азаматтың Конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы өзге де қылмыстар	20				
Басқыншылық соғысты тұтандыруға насихат жүргізу және жария түрде шақыру (157-бап)	21				

Жаппай қырып-жою қаруын өндіру немесе тарату (158-бап)	22				
Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни арыздықты қоздыру (164-бап)	23				
Бейбітшілік пен адамзат қауіп- сіздігіне қарсы өзге де қылмыстар	24				
Шпионаж (166-бап)	25				
Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп құлатуға немесе өзгертуге не оның аумақтық тұтастығын күш- пен бұзуға шақы- ру (170-бап)	26				
Диверсия (171-бап)	27				
Жұмылдыруға шақырудан жалта- ру (174-бап)	28				
Мемлекеттің конституциялық құрылысына және қауіпсіздігіне қарсы өзге де қылмыстар	29				
Ұрлық (175-бап)	30				
соның ішінде пломбыларды бұзу немесе қирату іздерін табу деректері бойынша	31				
Сеніп тапсырыл- ған бөтен мүлік- ті иеленіп алу немесе ысырап ету (176-бап)	32				

Алаяқтық (177-бап)	33				
соның ішінде қызмет бабын пайдалану жолымен (177-б., 2-б., "в"-т.)	34				
Тонау (178-бап)	35				
Қаракшылық (179-бап)	36				
Қорқытып алушы- лық (181-бап)	37				
Алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен мүліктік залал келтіру (182-бап)	38				
Көрінеу қылмыс- тық жолмен табылған мүлікті сатып алу немесе сату (183-бап)	39				
сонымен қатар автокөлік агре- гаттарының (двигательдерінің) нөмірлерін бөлу деректері бойынша	40				
Автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын ұрлау мақсатын- сыз заңсыз иелену (185-бап)	41				
Бөтен адамның мүлкін қасақана жою немесе бүл- діру (187-бап)	42				
соның ішінде өрт деректері бойынша	43				
Бөтен адамның мүлкін абайсыз- да жою немесе бүлдіру (188-бап)	44				

Меншікке қарсы өзге де қылмыстар	45				
Заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау (189-бап)	46				
Заңсыз кәсіпкерлік (190-бап)	47				
Заңсыз банктік қызмет (191-бап)	48				
Жалған кәсіпкерлік (192-бап)	49				
Заңсыз жолмен алынған ақша қаражатын немесе өзге мүлікті заңдастыру (193-бап)	50				
Несиені заңсыз алу және мақсатсыз пайдалану (194-бап)	51				
Тауарлық белгіні заңсыз пайдалану (199-бап)	52				
Жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасау немесе сату (206-бап)	53				
Акцизделетін тауарларды акциздік алым маркасымен таңбалаудың тәртібі мен ережелерін бұзу, акциздік алым маркасын қолдан жасау және пайдалану (208-бап)	54				
Экономикалық контрабанда (209-бап)	55				
Кеден төлемдерімен алымдарын төлеуден жалтару (214-бап)	56				

Бухгалтерлік есеп ережелерін бұзу (218-бап)	57				
Азаматтың салық төлеуден жалтаруы (221-бап)	58				
Ұйымдарға салынатын салықты төлеуден жалтару (222-бап)	59				
Тұтынушыларды алдау (223-бап)	60				
Саңсыз сыйақы алу (224-бап)	61				
Экономикалық қызмет саласындағы өзге де қылмыстар	62				
Коммерциялық және өзге ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар	63				
Терроризм (233-бап)	64				
Ұйымдасқан қылмыстық топты немесе қылмыстық қауымдастықты (қылмыстық ұйымды) құру және оны басқару, қылмыстық қоғамдастыққа қатысу (235-бап)	65				
Бандитизм (237-бап)	66				
Әуе немесе су көлігін не жылжымалы темір жол составын айдап әкету, сол сияқты қолға түсіру (239-бап)	67				
Терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау (242-бап)	68				
Айналыстан алынған заттар-					

дың немесе айналысы шектелген заттардың контрабандасы (250-бап)	69				
Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жару құрылғыларын заңсыз сатып алу, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру (251-бап)	70				
Қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттар мен жару құрылғыларын ұрлау не қорқытып алу (255-бап)	71				
Өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу (256-бап)	72				
Бұзақылық (257-бап)	73				
Тағылық (258-бап)	74				
Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар	75				
Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз дайындау, иемденіп алу, сатып алу, сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе сату (259-бап)	76				
Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды ұрлау не қорқытып алу (260-бап)	77				

Есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтыну үшін притондарды ұйымдастыру немесе ұстау (264-бап)	78				
Санитарлық-эпидемиологиялық ережелерді бұзу (267-бап)	79				
Халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстар	80				
Шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптардың бұзылуы (277-бап)	81				
Ықтимал экологиялық қауіпті химиялық, радиоактивті және биологиялық заттарды өндіру мен пайдалану кезінде экологиялық талаптардың бұзылуы (278-бап)	82				
Ветеринарлық ережелерді және өсімдіктердің аурулары мен зиянкестеріне қарсы күресу үшін белгіленген ережелердің бұзылуы (280-бап)	83				
Суларды ластау, бітеу және сарқу (281-бап)	84				
Атмосфераны ластау (282-бап)	85				
Теңіз аясын ластау (283-бап)	86				
Жерді бүлдіру (285-бап)	87				

Жер қойнауын қорғау және пайдалану ережелерін бұзу (286-бап)	88				
Су жануарлары мен өсімдіктерін заңсыз алу (287-бап)	89				
Заңсыз аңшылық (288-бап)	90				
Жануарлар дүниесін қорғау ережелерін бұзу (289-бап)	91				
Жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерімен заңсыз іс-әрекеттер (290-бап)	92				
Ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу (291-бап)	93				
Ормандарды жою немесе зақымдау (292-бап)	94				
Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимінің бұзылуы (293-бап)	95				
Экологиялық ластау зардаптарын жою жөнінде шара қолданбау (294-бап)	96				
Өзге де экологиялық қылмыстар	97				
Көлік құралдарын жүргізуші адамдардың жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуы (296-бап)	98				

Көлік құралдарын немесе қатынас жолдарын қасақана жарамсыздыққа келтіру (299-бап)	99				
Көліктің қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ережелерді бұзу (300-бап)	100				
Ұшудың халықаралық ережелерін бұзу (306-бап)	101				
Өзге де көліктегі қылмыстар	102				
Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану (307-бап)	103				
Билікті немесе қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану (308-бап)	104				
Пара алу (311-бап)	105				
Пара беру (312-бап)	106				
Парақорлыққа делдал болу (313-бап)	107				
Қызметтегі әрекетсіздік (315-бап)	108				
Салақтық (316-бап)	109				
Мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар	110				
Өкімет өкілін қорлау (320-бап)	111				
Өкімет өкіліне қатысты күш қолдану (321-бап)	112				
Прокурорлардың қызметіне кедергі жасау және оның заңды та-	113				

лаптарын орында- мау (321-1-бап)					
Қазақстан Республикасының күзетілетін Мемлекеттік ше- карасынан әдейі заңсыз өту (330-бап)	114				
Шығарып жіберу туралы шешімді орындамау (330-1-бап)	115				
Заңсыз көші-қонды ұйымдастыру (330-2-бап)	116				
Қазақстан Республикасында шетелдік жұмыс күшін тарту және пайдалану ереже- лерін бірнеше рет бұзу (330-3-бап)	117				
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік ше- карасын құқыққа қарсы өзгерту (331-бап)	118				
Жиналыстарды, митингілерді, пикеттерді, көше шерулерін және демонстрациялар- ды ұйымдастыру мен өткізу тәртібін бұзу (334-бап)	119				
Басқару тәртібі- не қарсы өзге де қылмыстар	120				
Сот төрелігін жүзеге асыруға және алдын ала тергеу жүргізу- ге кедергі жасау (339-бап)	121				
Сотты құрмет- темеу (342-бап)	122				

Жауап беруге мәжбүр ету (347-бап)	123				
Аз аптар (347-1-бап)	124				
Бас бостандығы- нан айыру орны- нан, тұтқындау- дан немесе қа- маудан қашу (358-бап)	125				
Бас бостандығы- нан айыру түрін- дегі жазасыз өтеуден жалтару (359-бап)	126				
Қылмыстық-атқару мекемесі әкімші- лігінің талапта- рына қасақана бағынбау (360-бап)	127				
Сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орында- мау (362-бап)	128				
Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәрті- біне қарсы өзге де қылмыстар	129				
